

МҰНАЙШЫЛАРДАН ЕРЕКШЕ
БАЛАЛАРҒА СЫЙЛЫҚ



3

МҰНАЙЫ БАРДЫҢ ШЫРАЙЫ БАР



4

ОБ ИСТОРИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО
ПРАЗДНИКА НЕФТЯНИКОВ



6



Ембі ТЫНЫСЫ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ



№13 (77)
ҚЫРКҮЙЕК
2021 ЖЫЛ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

ҚР мұнай-газ кешені қызметкерлері күні құтты болсын!



ҚҰРМЕТТІ ЕМБІЛІКТЕР, АРДАГЕРЛЕР!

Баршаңызды Қазақстан Республикасының мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтаймын. Сіздерге зор денсаулық, жұмыстарыңызға табыс, отбасыларыңызға амандық тілеймін.

Кәсіби мереке – мұнайшылардың еңбегіне көрсетілген зор құрметтің белгісі! Сіздер ауыр өнеркәсіптің барлық жауапты буындарында аянбай еңбек етіп, ел ырысын арттыруға елеулі үлес қосып келесіздер.

Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап ел экономикасы жаңа серпін алды. Содан бері мұнай-газ саласы экономиканың негізгі қайнар көзі саналып келеді. Егемендіктің 30 жылдығында еліміз үлкен жетістікпен жетіп отыр. Осы орайда, мұнайшылардың да зор үлесі барын ерекше атап өткен жөн.

Кешегі күннің қиындығын ардагер мұнайшылар еңсеріп, олардың жолын озық технологияларды меңгерген жаңа буын жалғастыруда.

Соңғы екі жыл барлығымыз үшін қиындыққа толы өтуде. Ембі өндірісі әлемді алаңдатқан пандемия індетіне қатысты қиындықтарға тап болды. Індет басталған алғашқы кезеңдерде барынша өндірісті тоқтатпай, мұнайшылардың өмірін сақтау жолында аянбай бірлесе еңбек еттік. Шынын айтқанда, жұмысты қайта құрдық. Вахта уақытын ұзартуға да бардық. Айлап отбасыларыңызды, үйлеріңізді көрмей,

күндіз-түні өндірістің басы-қасында болдыңыздар. Қиын сәттерде сіздер үлкен жауапкершілік танытып, табаналықпен еңбек еттіңіздер. Сол еңбектің арқасында өндіріс бір минут та тоқтамады. Ембілік мұнайшылар осындай қиын кезеңдерде мұнайлы өңірдің өзге тұрғындарына да қолұшын созып, қайырымдылық көрсетіп отырғанын зор мақтанышпен айтамын. Көмекке мұқтаж жандарды қамқорлыққа алып, керекті дәрі-дәрмекпен, азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз еткендеріңіз – үлкен азаматтық іс. Мұндай қайырымдылық шаралар Компанияға қарасты барлық басқармаларда орын алды. Баршаларыңызға шексіз алғысымды білдіремін.

Келесі жыл біз үшін маңызды. 2022 жылы «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының құрылғанына 100 жыл толғалы отыр. Бүгінгі таңдағы қиындықтарға қарамастан өндірісті тоқтатпай еңбек етіп, өндіріс көрсеткішін тұрақты орындауымыз – мерейтойға қосқан үлесіміз болып табылады.

Қадірлі мұнайшылар! Кәсіби мереке құтты болсын Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай. Қазақ мұнайының бастауында тұрған Ембі өндірісі өсіп-өркендей берсін!

Құрметпен,
Есен ҚАЙЫРЖАН,
«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы

Жас мемлекетіміздің нығаюы мен өркендеуі жолында мұнай-газ секторы да айтарлықтай үлес қосып келеді. Экономиканың іргелі буынына айналып, ел дамуына елеулі еңбек сіңіруде.

қаржыландырумен және басқа да міндеттерді кешенді шешуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар «ҚазМұнайГаз» ірі халықаралық жобаларда Қазақстанның

тасымалдау, өңдеу және мұнай химиясы бағытындағы ірі кәсіпорындарды біріктіріп отырған ауқымды холдинг. Дегенмен «ҚазМұнайГаз»

жеткізбек. Өндіру тиімділігі де өндірістік процестерді цифрландыру арқылы операциялық шығындарды азайту есебінен қамтамасыз етілетін болады.

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ:

"ҚАЗМҰНАЙГАЗ" ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫНЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Көркейген қала, өңір, жақсарған әлеуметтік ахуал – осының барлығында мұнайшылардың қолтаңбасы бар. Тәуелсіздіктің 30 жылдық белесін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы да үлкен жетістіктермен қарсы алып отыр. Қаншама жобалар мен бағдарламалар атқарылып, өндірістік міндеттер орындалып, ел игілігіне айналды. Мұнай өндіру қарқыны жылдан жылға артуда.

Айталық, соңғы жылдары елімізде мұнай өндіру рекордтық деңгейге жетті. Қазақстанда өндірілген мұнай өнімдерінің көлемі өсіп, отандық бензинмен сұранысты толықтай қамту еліміздің отын-энергетикалық қауіпсіздігі күшейтілді.

Мұнай-химия саласында да бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы 2002 жылы Қазақстанның мұнайгаз саласын кешенді дамыту мақсатында құрылған болатын. ҚМГ алдына мұнай-газ өнімдерін барлау мен өндіру көлемін арттыру, қайта өңдеу, тиімді тасымалдау міндеттері қойылды. Мұнай-газ саласында ірі ұлттық компания құру арқылы басқару жүйесі өзінің тиімділігін көрсетті. Себебі осындай ауқымда ірі компания құру негізінде мұнай-газ секторын тұтастай басқаруға мүмкіндік туды.

Бұл әсіресе Теңіз,



Қарашығанақ, Қашаған сияқты ірі жобалар үшін өте маңызды, мұнда мұнай мен газды өндірумен, тасымалдаумен,

мүддесін қорғап, өкілдік ете алды.

Бүгінде «ҚазМұнайГаз» мұнайды барлау мен өндіру,

қызметінің басты бағыты – көмірсутек шикізатын өндіру. Алдағы уақытта жылдық өндіру көлемін 24 млн тоннаға дейін

Сонымен қатар «ҚазМұнайГаз» ондаған инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруда. Жалпы, ұлттық компанияның үлесіне тиесілі болашақ инвестициялар 23,5 млрд АҚШ доллары деңгейінде бағаланып отыр.

«ҚазМұнайГаз» бассейндік модельдеу бойынша Каспий маңы, Маңғышлақ, Оңтүстік Торғайдың ең перспективалы аумақтарын қамтитын кең ауқымды жұмыстар жүргізуде. Оның ішінде, Абай, Жамбыл, Исатай, Жеңіс және Әл-Фараби сияқты Каспий қайраңындағы геологиялық барлау жобалары жүйелі жүзеге асырылуда.

Осы жобалардың құны 14 млрд теңгеден асып түседі, ал шығарылатын әлеуетті мұнай ресурстары 464 млн тонна болуы ықтимал.

ҚМГ Қазақстанның жалпы ішкі өнімінің айтарлықтай бөлігін қамтамасыз етеді.

Мұнай мен газды өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау салаларынан түскен табыс ел бюджетінің қомақты бөлігін толтырып отыр. Сонымен қатар мұнай-газ өнеркәсібі – отандық энергетика, машина жасау, мұнай-химия, телекоммуникация, жеңіл өнеркәсіп, құбыр мен жол салу, инфрақұрылымдық, сервистік салаларды дамытуға алғышарт жасады.

«Мұнайлы мекен» газеті

Moody's Қазақстанның тәуелсіз рейтингісінің көтерілуі нәтижесінде ҚМГ рейтингісін «Baa3» деңгейінен «Baa2» дейін көтерді

2021 жылғы 12 тамызда «Moody's Investors Service» халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстанның тәуелсіз рейтингісінің көтерілуіне байланысты «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ кредиттік рейтингісін «Baa3» деңгейінен «Baa2» дейін көтерді. Рейтинг болжамы «жағымды»-дан «тұрақты» болып өзгерді. ҚМГ-ның өздігінен кредит төлеу қабілетінің рейтингісі «Ba2» деңгейінде бекітілді.

Қазақстанның тәуелсіз рейтингісінің жоғарылауы нәтижесінде көтерілген ҚМГ рейтингісі «ҚазМұнайГаз» және мемлекет үшін ҚМГ стратегиялық маңызының арқасында қажет болған

жағдайда барынша қолдау көрсетуге дайын Қазақстан Үкіметі арасындағы берік байланысты дәлелдеп отыр.

Айта кетейік, 2021 жылғы 11 тамызда «Moody's Investors Service» халықаралық рейтинг агенттігі Қазақстанның ұзақ мерзімді тәуелсіз рейтингісін «Baa3» деңгейінен «Baa2» дейін көтерді, болжам «тұрақты».

www.kmg.kz

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2020 жылғы Орнықты дамуы туралы есебін жариялады

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жыл сайын Орнықты даму туралы есебін жариялап келеді. Бұл құжат Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық келісімшарты аясындағы компанияның өркендеуі туралы және орнықты дамудың жаһандық мақсаттарына жетуі жөніндегі хабарлама болып табылады.


Үстіміздегі жылдың шілдесінде ҚМГ Директорлар кеңесі расталған 2020 жылғы Орнықты даму туралы есебін бекітті. Есеп GRI Standards орнықты даму саласындағы халықаралық есеп беру стандарттарына сәйкес дайындалды. Аудиторлық компанияның тәуелсіз куәландыру үдерісінен, сондай-ақ, GRI Materiality Disclosures Service – Жаһандық есеп беру бастамасының материалдылықты анықтау тексерісінен өтті.

2020 жылғы Орнықты даму туралы есеп 2018-2020 жылдар аралығындағы

компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік қызмет нәтижесінің басты көрсеткіштерін жариялайды. Орнықты дамудың елеулі қырлары келесі ақпаратты қамтиды: COVID-19 пандемиясына байланысты дағдарысқа қарсы шаралар, қауіпсіздік пен еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау, қызметкерлерді дамыту, жергілікті қауымдастықтармен өзара ықпалдасу және өңірлерге жәрдемдесу. Есепте ESG-рейтинг көрсеткіштеріне және төмен көмірсутекті келешекке өту жөніндегі бастамаларымызға ерекше ден қойылған.

Мүдделі тараптардың пікірін ескеру маңыздылығын түсіне отырып, біз жыл сайын Есепке берілетін кері байланысты ұйымдастырамыз. Бұл тәжірибе Есептің мазмұнын жақсартуға, сонымен қатар Компанияның тұрақты даму мәселелері бойынша қызметкерлерді және басқа да мүдделі тараптарды хабардар етуге септігін тигізеді.

www.kmg.kz



Ерекше балаларға көмектесу – ембілік мұнайшыларда ертеден қалыптасқан игі дәстүр болып табылады. Бұл жолы «Ембімұнайгаз» АҚ (бұдан әрі - ЕМГ) офлайн форматында өтетін оқу жылы қарсаңында атыраулық ерекше қажеттіліктері бар 7500 балаға қамқорлық көрсетті.



МҰНАЙШЫЛАРДАН ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА СЫЙЛЫҚ



- Әлеуметтік-жауапты компания ретінде біз Атырау облысы әкімдігінің халықтың әлеуметтік осал топтарын

қолдау жөніндегі бастамаларын әрдайым қолдаймыз. Сонымен қатар, мұнайлы Ембіде ерекше балаларға көмектесу дәстүрі

берік қалыптасқан. Осы орайда, жыл сайынғы дәстүр бойынша біздің компания ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған

«Айналайын» қайырымдылық марафоны аясындағы «Мектепке жол» акциясына қатысып, ерекше білім беруге қажеттілігі

бар балаларға арналған мектеп формасы мен оқу құралдарын сатып алу үшін жалпы сомасы 112 млн 500 мың теңге қаражат аударды. Ембі мұнайшыларының ұжымы атынан облыстың барлық педагогтарын, ата-аналары мен балаларын келе жатқан оқу жылымен құттықтаймын! - деп атап өтті ЕМГ Басқарма төрағасының орынбасары Рысты Тасмағамбетова. Облыстық әкімдікте өткен жиын барысында аймақтағы орта мектептердің инклюзивті сынып оқушыларын, педагогтары мен ата-аналарын құттықтап, ақшалай сертификаттар табыстады.

ЕМГ бөлген қаражатқа Атырау облысының 7500 баласына сөмкелер мен мектеп формасын және кеңсе тауарларын сатып алу үшін сауда орталықтарына сертификаттар сатып алынды. Олардың 3000-нан астамы қалада тұрады.

Атырау облысының әкімі Махамбет Досмұхамбетовтың айтуынша, бүгінде өңірде ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін барлық қажетті жағдайлар жасалуда: арнайы кеңес беру, түзету кабинеттері, мектеп-интернаттар жанынан оңалту орталықтары жұмыс істеуде, ал қарапайым мектептерде жаңа форматта инклюзивті сыныптар ашылуда. Ерекше балаларға психологиялық, медициналық және педагогикалық кеңес беру үшін облыс орталығында арнайы орталық салу жоспарланып отыр.

Сертификаттар табыстау шарасы барысында ата-аналар «Ембімұнайгаз» АҚ мен облыс басшылығына ерекше балаларға деген қолдаулары үшін алғыстарын білдірді.

"ЕМБІ ӨНДІРІСІНІҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСҚАНЫМДЫ МАҚТАНЫШ ЕТЕМІН"

Ембі өндірісінде ұзақ жылдар еңбек етіп, артында ұмытылмастай іздер қалдырған ардагер мұнайшылар көптеп саналады. Қазақ мұнайының «қарашанырағы» саналатын Ембі өндірісінде өткен 40 жылға жуық еңбек өтілінің 20 жылдан астамын «Ембімұнайгаз» АҚ-ның құрылыс саласына арнаған ембілік ардагер Асқар Фаритұлы Дабысовтың өмір жолы өзгелерге өнеге. Ембі өңірінің барлық кен алаңдарында майтаман маман ретінде қолтаңбасы сақталған ембілік ардагердің бүгінгі мамандарға айтары да мол.

Асқар ДАБЫСОВ, құрылыс саласының ардагері:
«Ембі өндірісінің дамуына үлес қосқанымды мақтаныш етемін»

40 жыл адам баласының тұтастай бір өмір жолы ғой. Мен осыншама жыл еңбек еттім. Талай игі жақсылармен дәмдес болдым. Еңбек жолымда талай атпал азаматтармен қоян-қолтық араластым. Өмірімде ұмытылмастай із қалдырған азаматтардың көпшілігімен Ембі өндірісінде таныстым. Өзінің мамандығын шебер меңгерген азаматтармен бірлесе еткен еңбегімнің кейбіріне тоқталғым келіп отыр.

1988 жылы «Эмбанефтьстрой» тресіне қарасты «Спецстрой» құрылыс-монтаждау басқармасының директоры болып қызмет еткен жылдарда Забурын кен орнын игеру жұмыстары жаңадан басталып жатқан-ды. Аталмыш кеніштегі ұңғыларды іске қосу, мұнайқұбырларын жалғау, резервуарлық парктерді салу және 200 орындық жатақхана, 150 орындық асхананы салып, пайдалануға беру (вагонда жататын) - кезек күттірмес маңызды жұмыстың бірі болған. Құм ішіндегі тартылған Теңіз-Грозный мұнай құбырына Забурын кен орнының өнімін жалғау үшін 30 шақырымдық мұнай құбырын тартып, осы магистралға қосу жұмыстарын сәтті аяқтадық. Бірлескен жұмыстың нәтижесінде Забурын кен орны толықтай 1990 жылдары іске қосылды.

1990 жылдың ішінде айының ортасында «Ембімұнайгаз» бірлестігінің күрделі құрылыс бөлімінің басшысы болып тағайындалдым. 1999 жылы «Ембімұнайгаз» бен «Теңізмұнайгаз» қосылып екі бөлім бірігіп департамент болып күшейтілді. Маған жаңа департаменттің директоры болу жауапкершілігі ұсынылды.

1990 жылы «Ембімұнайгаз» бірлестігі 2-қабатты қамыстан салынған ғимаратта орналасқан еді. Тозығы жеткен 1960 жылдары салынған. Жаңа ғимарат тұрғызу қажеттілігі туды. 1991 жылы жаңа ғимараттың құрылысы басталып, 1993 жылы қазан айында іске қосылды, 4-қабатты тастан салынған ғимарат пайдалануға берілді. 90-шы жылдары Мұнайшы мөлтек ауданында 9-18 пәтерлік баспана құрылысы салынып жатты. Сонымен қатар, қала ішінде екі балабақша салынып жатты. Бір 40 пәтерлік, бір 55 пәтерлік 5 қабатты



ЕМБІ – 100 ЖЫЛ

(Суретте: А.Дабысов Доссор мәдениет үйінің күрделі жөндеуден кейінгі сәтінде замандастарымен бірге)

үйлер құрылысы басталды. 1998 жылдан бастап Жылыой ауданындағы Жаңа-Қаратон поселкесінің салынуы басталды. Соған «Ембімұнайгаз» бірлестігіне қарасты барлық құрылыс жұмыстары біріктіріліп 4 жылдай уақыттың ішінде осы ауданда жаңа мұнайшылар поселкесі, тұрғын үйлер, 320 балалық мектеп, 140 орындық балабақша, инфрақұрылымды нысандар, сумен қамту қондырғылары, көріз жүйесі, поселке ішілік жолдар, электр жүйелерімен толықтай қамтылды. Осы жұмыстардың басы-қасында болып, жаңадан бой көтерген мұнайшылар мекенінде қолтаңбамды қалдырғанымды өзіме зор мақтан тұтамын.

Кенбай кенішін игерудегі құрылыс жұмыстары, Қотырмас пен Жамансор кен алаңдарының арасын қосқан 35 шақырымдық автожол, теміржол үстінен өтетін көпір, Молдабек кенішіне дейінгі электр тарату жүйесі, сонымен қатар, Уаз бен Қондыбай кенішін игеру, Доссор кен алаңына 90 жыл, Мақат кен орнына 95 жыл толу шараларының аясында ауқымды құрылыс жұмыстары қолға алынып, жақсы нәтижемен пайдалануға тапсырылды. Нақтылайтын болсам, Доссор поселкесінде табиғи газ жүйесі тартылып, бір кездері жекеменшікке сатылып кеткен мәдениет клубының ғимараты мұнайшыларға кері қайтарылды. Клубқа күрделі жөндеу жүргізіліп, кеңейтіліп, «Мұнайшылар» мәдениет үйі болып кеңейтіліп, жұртшылыққа есігін жаңаша ашты. Мерейтой аясында мұнайшылар мекенінде жаңа тұрғын үйлер салынып, елігілігіне берілді. Мұнайшылар арасында бұқаралық

спортты дамыту мақсатында Доссор мен Мақат кенттерінде спорт кешені салынды.

Бүгінде Ембі кен алаңы жәйлі де жарық асхана, жатақхана сынды әлеуметтік нысандармен толықтай қамтылып, қазіргі таңда оларды жаңғырту жұмыстары кезек-кезеңімен қолға алынып жатқанын естіп қуанып отырамыз. Ал, мен күрделі құрылыс департаментіне жетекшілік еткен кездерде осы жұмыстар жаңа ғана қолға алынып жатқан болатын. Кен алаңдарында мұнайшыларға арналған әлеуметтік нысандар енді ғана қолға алынған еді. Прорва кенішіндегі 500 орындық мұнайшылар қалашығы - «Каспий самалын» салу жұмыстары қолға енді-енді ғана алынған еді. Ал, оның іргетасы сол біз еңбек еткен жылдарда қаланғанын сол кездегі құрылысшылар ғана білетін шығар. Бүгінде 500 адамға арналған «Каспий самалы» мұнайшылар қалашығы «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ-на қарасты барлық кен алаңдарындағы ең ірі әлеуметтік нысан болып саналады. Заман талабына сай келетін жатақханаларда мұнайшылардың ауыр еңбектен кейінгі алаңсыз демалуына зор мүмкіндік барын көріп, естіп қуанасың.

Адам жүріп өткен жолын еске аларда неге жүгінеді. Әрине, сол кездердің белгісі ретінде фото-суреттерді қарайды. Қарап отырсам, сол кездерде дұрыстап фотоға да түспеген екенмін. Жеке архивімді қопарып отырып, бір ғана фото таптым. Оның да сапасы төмендеу. Алайда, бұл фотонь мен үшін мәні зор. Ол сонау артта қалған Ембідегі жарқын күндерімнің белгісі.

МҰНАЙЫ БАРДЫҢ ШЫРАЙЫ БАР

Өткен жылы Забурын кен алаңы 30 жылдық мерейтойын атап өтті. ҚР мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында тамыздың шіліңгір күнінде облыс орталығынан шалғайда – 170 шақырым қашықтықта, қарт Каспийдің жағасында орналасқан «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Забурын кен алаңына жол тарттық. Мұндағы мақсатымыз – жергілікті мұнайшылармен әңгімелесу, жағдайларын білу, естеліктерін тыңдау болды.

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ҚҰРДАСЫ

«Жайықмұнайгаз» басқармасына қарасты 11 кен орнының бірі саналатын Забурын кеніші көлемі жағынан шағындау көрінгенмен, мұнда үлкен игілікті істер атқарылады. Тәулігіне шамамен 300 тоннаға дейін мұнай өндіріледі. Соңғы жылдары өндіріс қажеттілігіне тиімділігі жоғары инновациялық технологияларды енгізу, мұнай өнімін арттыру мақсатында полимерлік қосындысын айдау бағыттарында оңды қадамдар жасалына бастады. Мұны осындағы мамандар жақсы көрсеткіш, ілгерілеу нышаны деп есептейді.

№4 мұнай және газ өндіру цехының бастығы Құрманғазы Сахуалиннің айтуынша, егемендіктің алғашқы жылдары бұл кен орнынан тәулігіне 700-750 тонна өнім алынып тұрған.

- Мен 1988 жылы ең алғаш өндіріс алаңына аттағанымда жасым 21-де болатын. Құрылыс жүріп жатқан кез. Мен Забурынға келдім. Қара құм. Айнала – маң дала. Ештеңе жоқ.

1990 жылы өндірістік игеру жұмыстары басталды. Алғашқы мұнай фонтаны атқылаған сәт әлі есімде. Сол кезде өмірінде мұнай көрмеген Забурын ауылының (қазіргі атауы Зинеден – ред.) тұрғындарының қуанышты жүздерін көрсеніз... Ауыл халқы үшін үлкен думанды сәт болды. Аймақтың тарихындағы сол бір айтулы күн жарқын болашақтың нышаны екендігін аңғартқандай, - деп еске алады ғұмырының 33 жылдан астам уақытында табан аудармастан бір кен орнында еңбек етіп келе жатқан, бүгінде **№4 мұнай-және газ өндіру цехының технологиясы Тілекқабыл ҒҰМАРОВ.**

Оның айтуынша, егемендіктің алғашқы жылдарын қазіргі кезеңмен салыстыруға мүддем келмейді. Еселеген оң өзгерістер бар.

Операторларға арналған вагондардың болмауы, жалақының 2-3 айлап жиі кешіктірілуі, жатақханада орынның тапшылығы, автотехникалардың жоқтығынан операторлардың ұңғымаларды тексеру барысында жаяу арқаланып кететін кездері, өндірістік құралдармен қоса, күнделікті тұтынатын – жарық шамы, сабын сияқты заттардың, тіпті асханада ас құралдарының – кесе, төрелке, қасықтардың жетіспеген кезеңдері – бәрі-бәрі есімде.

- Қазір ойлап отырсам, кешегі өткен тарих – бүгін деректі фильм сияқты. Сол күрделі жылдары цех бастығы болған Сүйеуғали Есіркепов, шеберлер – Меңдібай Харесов, Нұролла Сарбасовтар ерлікпен пара-пар еңбек етті. Жас өндіріс орнының тынысын ашу, жұмысты алға жетелеп әкету, сонымен қатар, ұжымның бірлігін сақтау, жұмысшылардың жағдайын түзеу бағытында көп жұмыстар тындырылды. Жағдайымыз төл теңгеміз бекітіліп, еліміз қалыптасу кезеңінен өткеннен кейін жақсара бастады.

Осы салада еңбек еткеніме 35 жылға жуық уақыт болды. Жасаған жұмысымызға сай жалақымызды алып келеміз. Құдайға шүкір, жай-күйіміз жаман емес. Басқарманың, қала берді акционерлік қоғам, Ұлттық компанияның қамқорлығы мен қолдауының арқасында жылдан-жылға мұнайшылардың тұрмысы түзеліп, әлеуметтік ахуалы жақсаруда. Отбасы мүшелеріміздің денсаулықтарын түзеуге, балаларымыздың жазғы демалысына да қолайлы жағдайлар жасалып жатыр. Жалақымызға қоса мемлекеттік және кәсіби мерекелерде сыйақы алып тұрамыз. Зейнеткерлер мен ардагерлер де мұндай қамқорлықтан тыс қалмайды. Күнделікті ас-суымыз, жатар орнымыз да дайын, таза. Алаңдауға ешбір негіз жоқ. Бұл, сөз жоқ, тәуелсіздіктің жемісі. Өйткені, осыдан 30 жыл бұрынғы кезеңді өз көзіммен көрдім. Ойға түйетін нәрсе көп.

Осы жағдайларды жастарға, кейінгі өскелең ұрпаққа айтып отырамыз, - дейді Тілекқабыл Ғұмаров бізбен әңгімесінде.

КЕНІШТІҢ ЕКІНШІ ТЫНЫСЫ

Забурын кен орны игерудің соңғы сатысында. Ал, мамандардың алдында ілеспе судың едәуір ұлғаюына жол бермей, мұнай қорын барынша толық алу мәселесі тұрды. Әлемдік тәжірибені зерттей келе, «Алстрон»



ЖЛШС (Қазақстан) осы салада тәжірибесі бар SNF (Франция) серіктестігімен Қазақстанда алғашқылардың бірі болып осы полимерлік суландыру технологиясын Забурын кен орнында қолданылды.

- Қазіргі таңда кен орны игерудің 4-ші сатысына көшті. 2014 жылдан жабысқақ мұнайлы кен орнынан «қара алтынды» өндіруді тұрақтандыру мақсатында полимерлік суландыру жобасын жүзеге асыру қолға алына басталды. Алғашында, полимерлік ерітіндіні 2 ұңғымаға айдау нәтижесінде полимерлік суландыру аумағында тұрақты өнім беруге қол жеткізілді. Яғни, жұмыс нәтижелері бұл технологияның тиімділігін растады және жұмысты жалғастыру туралы шешім қабылданды.

- Кейін 2017 жылы Забурын кенішінің негізгі аумағын толық қамту мақсатында су айдау ұңғымаларының саны 6-ға дейін өсті. Сол арқылы жабысқақ (вязкий) мұнайды әзірлеу мәселелерін шешу, мұнайды бөліп алу коэффициентін арттыру және кен орындарын пайдалануға берудің экономикалық тиімділігін ұзарту мүмкіндігіне қол жеткізілді. Бүгінде өндірістік (бақылау)

ұңғымаларының саны - 63 бірлікті құрайды. Өндіру ұңғымасының жалпы қоры – 85 бірлік, - дейді **«Жайықмұнайгаз» МГӨБ бастығының геология және мұнай-газ кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары Бағдат НИЯЗҒАЛИЕВ.**

2017 жылы «ҒЗИ Каспиймұнайгаз» ЖЛШС мамандары «Забурын кен орны бойынша мұнай мен газ қорын қайта есептеу» есебін орындады. Ал, 2018 жылы жаңа бекітілген қорлар негізінде Минералды ресурстарды игеру жөніндегі орталық комиссияның отырысында қаралып, «Забурын кен орнын игерудің нақтыланған жобасы» жасақталып, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетімен мақұлданды.

Қазіргі уақытта айдау жұмыстары жалғасуда. Пилоттық аймақта күнделікті геологиялық және технологиялық мониторинг жүргізіледі. Сұйықтық сынамалары зертханалық зерттеулер үшін әр 3 күн сайын алынады. «Алстрон» ЖЛШС-нің геологиялық қызметі мен «КМГ Инжиниринг» ЖЛШС және «Ембімұнайгаз» АҚ мамандарымен

бірілесіп кен орнын игерілуіне үнемі талдау жасалады.

Мамандар кешенді талдау нәтижелерінде ұңғымалар жұмысы бойынша оң нәтиже көрсеткенін айтады. Қабылданған шаралар арқасында өндірілген қосымша мұнайдың көлемі 218 мың тоннаға жуық екені анықталды.

- Бұдан бөлек, кен орнында 2013 жылдары винттік сораптардың үлесі көп болды. Осы орайда, жай жөндеу жұмыстары кезінде өндіріс тұрысы болмауы үшін кен орнында винттік сораптарды тексеру қондырғы орнатылды. Сонымен қатар, қабат қысымын сақтау мақсатында 2019 жылы ГНК сорабы орнатылды. Алдағы уақытта осындай екінші сорап іске қосылады деп жоспарлап отырмыз. Міндетіміз – сол қамқорлыққа сай ісімізбен жауап беру. Осындағы әрбір ұжым, әр өндірістік бөлімше (оның ішінде біздің цех та бар) уақыт талабына сай үдерістерден, түпкі нәтиже мен тиімділікке, табысқа жетелейтін оңды өзгерістерден тысқары қалған емес. Алға қарай да солай жалғаса беретіндігіне толық сенімдімін, - дейді цех бастығы Құрманғазы САХУАЛИН.

Түйін

Мұнайшылардың кәсіби мерекесі қарсаңында Компанияға қарасты ең ұйымшыл ұжымның бірі Забурын мұнай және айдау цехының кешегісі мен бүгінгісіне тоқталдық. Тәуелсіздіктің арқасында әр ұжым өзінің кешегісі мен бүгінін саралап, рухани жаңғырып отыруы заман талабы болып отыр.

Еңбектегі табыстары, елдің экономикасын дамытуға қосқан сүбелі үлестері үшін мемлекеттік наградалармен марапатталғандар қатарында забурындық мұнайшылардың болуы – ұжым үшін үлкен мақтаныш, зор мәртебе. Атап айтсақ, мұнай-газ өндіру операторы болып еңбек етіп, қазір құрметті зейнеткерлік демалысқа шыққан ардагер Алдоңғар Тасмағамбетов «Құрмет» орденімен марапатталса, оның ізін жалғап, мұнай дайындау және айдау цехының операторы Жақып Енжелов 2004 жылы «Құрмет» орденінің иегері атанды. Араға 15 жыл салып, екінші мемлекеттік награда – «Ерен еңбегі үшін» медалымен марапатталған.

Сондай-ақ, зертханашы Ләззат Идиркенова бірнеше жылдар қатарынан «Үздік маман» кәсіби шеберлік байқауында топ жарып, Альментьевск қаласында өткен байқауда «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының атынан қатысып келді.

Терең тарих пен еліміздің, соның ішінде, қазақстандық мұнай-газ саласының күрделі қалыптасу кезеңін бастан өткерген кен орны мұнайшыларының еңбегі қандай да құрметке де лайық!

Еліміз тәуелсіздік алып, өз алдына дербес мемлекет ретінде құрылып жатқан тұста әскери борышын өтеп келген Тасболат Нұршаханов Ботахан кен орнына өндірістік құрал-жабдықтарды жөндеу бригадасының жөндеушісі болып жұмысқа орналасады. Біз «Доссормұнайгаз» МГӨБ-не қарасты Ботахан кен орнына барған сапарымызда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап еңбек етіп, сол кезеңнің ыстығына күйіп, суығына тоңып, бүгінде сол тәжірибелері өмір мектебіне айналған еңбек адамдарымен тілдестік.

«ЖАУЫНДЫ КҮНДЕРІ АЯҒЫМЫЗДАН РЕЗЕҢКЕ ЕТІК ТҮСПЕЙТІН»

Жас маман болса да, мұнай-газ саласы ол үшін таңсық емес еді. Өйткені, ол 1988 жылы Байшонас елдімекеніндегі Б.Доспаева атындағы мектепті бітіргеннен кейін бір жылдай Қарсақ кен орнында КИП саласында жұмыс жасаған болатын. Бұған қоса, әкесі

ғана төленетін. Мұнайшылар балаларына жазғы лагерьге жолдама жеребе арқылы таратылды - дейді Ботахан кен орны №1 мұнай және газ өндіру цехының геологы Любовь КИСМАНОВА бізбен әңгімесінде.

Бұл кездері тек мұнай дайындау және айдау бригадалары мен ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадаларының мұнайшылары



ЕГЕМЕНДІК - АСҚАҚ АРМАҢДАР МЕН АДАЛ ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСІ



Темірболат Нұршаханов Қарсақ кен орнында өндірістік құрал-жабдықтарды жөндеу бригадасының жөндеушісі болып еңбек етті. Ғұмырының 40 жылдай уақытын осы саланың өркендеуіне атсалысты. Қиындыққа мойымады. Жауапкершілікті сезініп, алға ұмтыла білді. Мамандыққа деген адалдықты ұлының бойына сіңірді. Өзінен кейін өшпестей із қалдырды. Сөйтіп, 1991 жылы құрметті зейнеткерлікке шықты.

Сол кезде әскерден оралған Тасболат мұнайшылық кәсіпті әкеден балаға қалған мирас санап, әке таяғын ұстап қалады.

- Бұл кезең әлі көз алдымда. Ботаханда майлы балшық. Жауын-шашын күндері аяғымыздан резеңке етік түспейтін. Асханада тамақты талонмен беретін кез еді. 1993 жылға дейін солай болды. Техника жоқ болғандықтан, жұмысты трактормен үйлестірдік. Операторлар обходқа жаяу кетіп, аралайтын. Слесарьлық кілттерді қолмен тасып, ұңғымаларға басына апаратын. Барлық жұмыс қол күшімен атқарылды. Қазіргі жастарға соның бәрін айтсақ, ертегі сияқты. Таңырқап қарайды. Басқа бір дәуір секілді, қазір ойлап отырсақ, - деп еске алды Ботахан кен орнының **5 разрядты слесарь жөндеушісі Тасболат НҰРШАХАНОВ.**

Су кен орнына тасымал арқылы жеткізілетін. Қарсақ кеніші екі ортада асфальт жолы да болмаған кез еді бұл. Жауынды күндері балшыққа батып қалатын көліктер үшін суды жеткізудің өзі үлкен проблема болатын. сол аралықтағы жол 2014 жылы салынып, қазір сумен қамту жұмысы тұрақты жолға қойылып, мәселе шешілді.

«БАЛАЛАР ЛАГЕРІНЕ ЖОЛДАМА ЖЕРЕБЕ АРҚЫЛЫ ТАРАТЫЛДЫ»

«Ынтымақ – түбі игілік» демекші, адал еңбегімен күн көріп, ұжымда бірлік пен татулықты ту етіп ұстап жүрген жандардың бірі Любовь Кисманова еңбек жолын 1986 жылы бастаған. Оның айтуынша, Кеңес үкіметі ыдырай бастаған сәтте де күрделі кезеңдерді бастан өткерген.

- Тамақты өз қаражатымызға сатып алып жүрген кездер де болды. Сол себепті үйден тамақ алып келетінбіз. 1990 жылдары 3-4 айлап жалақы алмадық. Өндірістік зияндылық үшін төлем тек мұнай дайындау және айдау операторлары мен слесарьларға

7 күндік вахтамен еңбек ететін. Қалған мұнайшылар 8 сағаттық жұмыс жасап, күн сайын қара жолмен автобуспен қатынап жүрді. «Сол кезде жолдың сапасыздығынан күн сайын жұмыстан үйге, үйден жұмысқа жетудің өзі үлкен сын болатын», - дейді мамандар. 2014 жылдан бастап барлық жұмысшылар 14 күндік вахталық негізде еңбек етуде.

Қалаған тамақты таңдау үшін асхана мәзірі (меню) 2007 жылдардан бастап жасақталды.

- Ал, қазір айлық жалақымыз уақытында түседі. Сапалы әлеуметтік пакетіміз бар. Жаңа үлгідегі жиһаздармен жабдықталған, талапқа сай жарақтандырылған жатақханамыз, тегін үш мезгіл тамақтанатын асханамыз жұмыс істейді. Жұмыстан келгенімізде алдымызда дайын тағам, таза, жылы жатын орнымыз дайын тұрады. Еңбек адамына бұдан артық не керек?», - дейді Л.Кисманова.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖЕТІК МЕҢГЕРГЕН

Әріптестерінің арасында Люба, Люба апа болып атанған әріптесіміз – украин қызы,



1987 жылы тағдыр табыстырған қазақ жігітіне тұрмысқа шықты. Жолдасы – Нұрғали Кисманов та Ембі өндірісінде «Ембімұнайэнерго» басқармасында электромонтер болып еңбек етеді. Бүгінде 3 бала тәрбиелеп, 5 жиен сүйіп отыр.

- Қазақ халқының қадамы құтты келінді күтіп, келінді ақ босағадан аттататын дәстүрінің мағынасы тереңде жатыр. Өйткені, ел бірлігі – отбасы тәрбиесінен басталады. Ал, тәуелсіз елдің басты байлығы – ел бірлігі, ұлттар достығы. Қазақстанға келгеннен кейін осы жердің әдет-ғұрпы, салт-дәстүріне қызығушылығым ояна бастады. Әр дәстүрдің тамыры тереңде жатыр. Отбасы құндылығын сақтау берік жолға қойылған. Енем мен абысынымның өзге ел ортасына сіңісуіме көп еңбектері тиі, - дейді Любовь Кисманова.

Қазақ тілін жетік меңгерген әріптесіміз тілді Байшонаста бастап үйренгенін айтады. Ал, балалар мектепке барған соң мектеп бағдарламасы бойынша өзі де меңгеріп алған.

Қазақ жігітімен тағдыр табыстырып, тарих тоғыстырған Любовь Кисманова ырысы тасып, ынтымағы жарасқан елімізде бейбіт те берекелі ғұмыр кешіп, тәуелсіз еліміздің іргесін бірге қаласып келеді.



қазақтың келіні. Сонау 1986 жылы 1-сәуірде Украинадағы Дрогобычский мұнай техникумын бітірген соң, бүкілкеңестік бұйрық негізінде Светлана Шкикала есімді құрбысымен Қазақстанды таңдап, Доссор өңіріне Байшонас кен орнына жас маман ретінде келеді.

Кейін Қарсақ кен орнына зерттеу операторы болып ауысып, 2004 жылдан бастап геолог болып еңбек етуде. Қарсақта жүріп, күн сайын 11 шақырым автобуспен жол жүріп, Ботаханда 17 ұңғыманы өлшеп жүрген кездерін қазір жиі еске алып отырады.

Түйін

1979 жылы Ботахан кенішінде қазу жұмыстары басталып, 1981 жылы №1 ұңғымадан мұнай фонтаны атқылағанына да 40 жылдай уақыт өтті. Содан бері 172 ұңғыма бұрғыланып, автоматты өлшеу қондырғылары орнатылды. Жаңа техника-жабдықтар өндіріске енгізіліп, технология жаңарды.

Мұнайшылардың біліктіліктерін арттыру мақсатында арнаулы курстарға жіберілуде. Соның арқасында өткен жылы вахтаға 9 адаммен шығып, өндірісті бір күнге де тоқтатпады. Бұл – бір ғана мысал, қызметке деген және ұжым алдындағы жауапкершіліктің жүгін мұнайшыларымыз біркәсідей сезінетінін айғағы.

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Құлсарыдағы мұнай дайындау және айдау цехының машина агрегаттарын жөндеу бригадасының жөндеушісі Айын Оспан мен Қаратон мұнай дайындау және айдау учаскесінің тұссыздандыру және сусыздандыру қондырғысының операторы Тлеш Есенғазиева Жылыой ауданындағы ескі Қаратон мекенінде туып-өскен. Мектепті осы өңірде бітіріп, жергілікті жұртшылықтың негізгі күнкөрісі саналатын –мұнайшылақ кәсіпте еңбек жолдарын бастаған. 40 жылдан астам уақыт Ембі өндірісінде еңбек еткен Айын Бәзірұлы мен Тлеш Тоқтайқызы өздеріне «туған үйіне» айналған ұжымдарынан құрметті еңбек демалысына шығар уақыттары да таяпты.

болатын.

Менің еңбек кітапшамда бір –ақ сөйлем жазылған. 41 жылға тарта еңбек жолым осы ұжымда өтіп жатыр. Ұжымның үлкені – Айын екеуміз. Қалғаны түгел – жастар. Өнегелі жігіттер мен қыздар, білсем, көрсем, үйренсем деп тұрған талантты жастарды көргенде қуанасың. Ембінің ертеңі осы жастармен көркеймей ме?» деп кешегі күндерге бойлаған Тлеш Тоқтайқызы сол артта қалған еңбек күндерінің қиындығын да айта кетті.

Мұнайшының арнаулы киімі де болмайтын. Өндіріс алаңдарында қатынап істейтін көлік те талапқа сай емес, үсті ашық бортовтой машиналармен қатынап істейтін. Қауіпсіздік талаптары туралы ешкімнің қаперіне де алынбайтын.

1990 жылдардың соңында ел бойынша өтпелі кезең еді. Еліміздің барлық саласында қиындықтар орын алды. Аялап жалақы берілмейтін. Берілсе де бартер- айыр-бас жүйесі енгізілген. Еңбек адамының жалақысына киім-кешек, азық-түлік

Ұжымның үлкендері - ардақтылар



40 жылдан астам уақыт бір ортада табан аудармастан еңбек ету- үлкен өмір жолы. Ыстығы мен суығы қатар келген өмір соқпақтары туралы екі мұнайшы өз естеліктерімен бөліседі.

- Біз мектепті бітірген жылдарда үлкен өмірге алдымен еңбек арқылы қадам жасау деген ұғым болды. Қазіргідей мектеп бітіре сала жоғары оқу орнына құжат тапсырып, артынып-тартынып үлкен қалааларға кету жоқ. Алдымен еңбекке араласамыз, үлкен өмірді еңбек арқылы тануға тырысамыз. Мектепті бітірген соң мұнай-газ өндіру операторының көмекшісі болып, Ембі өндірісіне жұмысқа араластым. Осы ұжымда жүріп алдымен оператордың көмекшісі, кейін оператор, содан соң электр дәнекерлеушісі, содан соң жөндеуші болдым. Еңбек ете жүріп, білімді де шыңдап алдым. Татарстандағы арнайы оқу орталықтарындағы қысқа курстардан өттім, -деген Айын Оспанның естелігін Тлеш Есенғазиева жағады.

- Әкеден ерте қалып, еңбекке ерте араласуға тура келді. Ембінің менің өмірімде ізі жарқын. Маман ретінде өстім, қалыптастым. Ембі өндірісінде еңбек ете жүріп, болашақ жарыммен таныстым. Болашақ жолдасым Игорь Панков, орыс ұлтының жігіті, алайда қазақтардың ортасында өскендіктен бар болмысы қазақиланған. «Кайнарымұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының Кенбай кенішінде машинист болып ұзақ жылдар еңбек еткен



Ол кездегі өндірістегі басты проблема – мұнайшылардың әлеуметтік- тұрмыстық жағдайы естен шығарылатын. Ең бастысы – өнім өндіру деген талаптың тасасында қарапайым еңбек адамының жағдайы қала беретін.Әлеуметтік нысандардың аты бар да заты жоқ. Мұнайшылар вагондарда тұрып еңбек етті. Қазіргі таңдағы асханалардағыдай 3 мезгіл ыстық тамақ мүлдем берілмейтін, әркім өзінің үйінен ала шыққан тағаммен сол салқын күйінде ауқаттанатын. Кейде бірлесіп вагондарда орнатылған темір пештерге өз ауқаттарын өздері дайындайтын, кезекшілікке тұрып.

беріліп келген кездер де болған. Сол кездерде көптеген жергілікті кадрлар өзге кәсіпорындарға жұмыс орындарын ауыстырып кетуге мәжбүр болған. «Сол қиын сәттерде Ембінің тағдырына, шын мәнісінде, бей-жай қарамайтын кадрлар қалды» дейді біздің кейіпкерлер.

Шындығында да, сонау тоқсаныншы жылдардағы елде орын алған уақытша қиындықтарда Ембі өндірісінің аяқтан тұрып кетуі, бүгінде алпауыт компаниялармен иық түйістіре «қара алтын» өндіруі осындай байырғы мұнайшылардың маңдай терімен келген табыс деп айтуға әбден болар.

К 100-ЛЕТИЮ НЕФТЯНОЙ ЭМБЫ

Об истории профессионального праздника нефтяников

Впервые день работников нефтяной и газовой промышленности был учрежден указом Президиума Верховного Совета СССР "Об установлении ежегодного праздника «Всесоюзного дня работников нефтяной и газовой промышленности» от 28 августа 1965 года и отмечался каждое первое воскресенье сентября.

К сожалению, мы не обнаружили в эмбинских архивах приказы и иную документацию о праздновании первого профессионального праздника нефтяников. Но 1965 год стал по-своему значим для нашей компании. Постановлением Совета Министров Казахской ССР за №769 от 20 ноября 1965 года в связи с организацией объединения нефтедобывающей промышленности – Казахстаннефть на базе производственного объединения «Мангышлакнефть» с местонахождением в городе Шевченко, действующее объединение «Казахстаннефть» в г. Гурьеве было переименовано в Эмбинский комбинат по добыче нефти – Эмбанефть. В подчинение новому объединению КазССР были переданы: комбинат «Эмбанефть» со всеми подведомственными предприятиями и организациями, предприятия и организации, ранее входившие в состав объединения «Мангышлакнефть», управление магистральными нефтепродуктопроводами в г. Гурьеве, машиностроительный завод им. Петровского в г. Гурьеве, управление рабочего снабжения в г. Гурьеве и др.

Напомним, что «Эмбанефть» была преобразована в производственное объединение «Казахстаннефть» в 1945 году. В его струк-



туру на протяжении двадцати лет входили все предприятия нефтяной промышленности на территории Казахской ССР.



Как информировал читателей «Прикаспийской коммуны» начальник комбината «Эмбанефть» Джолдаскалы ДОСМУХАМБЕТОВ, предприятие в 1965 году выполнило план по добыче нефти на 102,2 %, сверх плана было добыто 17,5 тысяч тонн «черного золота». Было введено 3 новых месторождения: Карсак, Танатар и Прорва, благодаря которым наметившаяся тенденция к падению добычи нефти на Эмбе была приостановлена. В этой же статье Д. Досмухамбетов рассказывает о планах в ближайшую пятилетку увеличить объем годовой добычи нефти почти в 2 раза, что может быть достигнуто

путем ввода в промышленную разработку на полную мощность месторождений Прорва, Кенкияк, Мартыши, Караарна и ряда других. Что касается резервов «Эмбанефти», в районе месторождения Кенкияк на тот момент были выявлены структуры промышленной нефтеносности: Кумсай, Кокжиде, Акжар, Копя, а также ряд других перспективных площадей в районе Прорвы – Боранкуль, Актюбе, Морская и др. Значительные перспективы прироста запасов, по словам тогдашнего руководителя Эмбы, были также связаны с районом месторождения Мартыши, где промышленные притоки получены на структурах Камышитовый, Жанатаалп и других площадях.

Возвращаясь к дате профессионального праздника работников нефтяной и газовой отрасли, он позже был закреплен Указом Президиума Верховного Совета СССР от 1 октября 1980 года «О праздничных и памятных днях». В независимом Казахстане праздник официально утвержден в 2003 году указом Президента Республики с датой на первое воскресенье сентября. Хотя, как вспоминают ветераны Эмбы, в то время активно поднимался вопрос о переносе даты празднования на 29 апреля – в день первого мощного фонтана нефти на месторождении Доссор в 1911 году. И даже озвучивалось альтернативное предложение праздновать профессиональный праздник работников нефтяной промышленности 1 октября – в день создания треста «Эмбанефть» в 1922 году. Но официальная дата празднования дня работников нефтяной и газовой промышленности все же осталась в сентябре.

Газетіміздің өткен жылғы №21 санында «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Гран кен орнында №78 ұңғымада горизонталды бұрғылау жұмыстары басталғанын хабарлаған болатынбыз. Жуырда Исатай ауданына сапар барысында біз аталған әдіс бойынша қазылған сол ұңғыманың жұмысымен танысып қайттық.

Айта кетейік, 2019 жылы басқарма тарихында айтарлықтай жаңалық болды. Ол – С.Балғымбаев кен алаңының 1 неокон қабатына қазылған 242 горизонталды ұңғымасы болатын.

- Игерудің соңғы сатысындағы кен орнында 1 горизонталды ұңғыма қазу арқылы біз үйренген тік ұңғымадан 4-5 есе артық нәтижеге қол жеткіздік. Бұл – үлкен жетістік. Сондықтан, Гран кен орны бойынша 2020-2021 жылдары 4 горизонталды ұңғыма қазылды. Соның бірі – Гран кен орнында қазылған №78 ұңғыма болатын.

Аталған әдіспен қазылған ұңғымадан да күтілгендей оң нәтижеге қол жеткізіліп, кен орнының екінші тынысы ашылғандай. 510-520 метр тереңдікте жатқан Ю-6 қабатына сәйкесінше №78 ұңғыма тік бағана бойынша 520 метрге, ұңғыма бағанасы бойына 1607 метрге қазылып, горизонталды бұрғылау тереңдігі 638 метрден

Горизонталды бұрғылау – тиімді әдіс



1607 метрге дейін, табиғи күшімен атқылаған мұнай бұрқағына қол жеткізілді, - дейді «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бастығының геология және мұнай-газ кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары Бағдат НИЯЗҒАЛИЕВ.

Гран кеніші секілді терригендік кен орындарында мұнай өнімінің сулануы табиғи заңдылық және ол қазіргі таңдағы өзекті мәселе болып табылады. Осы мәселелерді шешу мақсатында Компанияда ауқымды шаралар қолға алынуда. Жоғарыда атап өтілген жоба – соның бір айғағы.

Ең маңыздысы, өндірілетін мұнай қорын көбейту емес, кен орнының өмір жасын ұзарту және басқа қабаттарға зиян келтірмей өнім өндіру. Экологиялық тұрғыдан бұл – аса маңызды мәселе.

Айта кетейік, Гран кен орнында 1969 жылы №1 ұңғыманың ортаңғы юра қабатының 520-529 м аралығында сынама алу жұмыстарының нәтижесінде мұнай бұрқағы атқылады.

Сөйтіп, 1968-1971 жылдары аралығында кен орнында бор және юра шөгінділерінің мұнай-газдылығын анықтау мақсатында іздестіру-барлау бұрғылау жұмыстары жүргізіліп, барлығы 7 барлау ұңғымасы бұрғыланды. Нәтижесінде, кен алаңының ортаңғы юра қабатында жеті мұнай қабаты және төменгі бор қабатында бір мұнайлы қабат анықталды.

2017 жылы «Каспиймұнайгаз» ҒЗИ ЖШС мамандары «Гран кен орны бойынша мұнай мен газ қорын қайта есептеу» есебін орындады. 2018 жылы жаңа бекітілген қорлар негізінде Минералды ресурстарды игеру жөніндегі орталық комиссияның отырысында қаралып, «Гран кен орнын игерудің қайта қаралған жобасы» жасақталды. Бұл жоба Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетімен мақұлданды.

Өткен жылы «Каспиймұнайгаз» ҒЗИ ЖШС-мен «Гран кен орнын игерудің талдауы» жасақталып, онда 2020-2022 жылдар дамуының технологиялық көрсеткіштері жаңартылды. Соның негізінде қазіргі уақытта кен орны игерілуде.



Мұнай өлшеуді жетілдіру – заман талабы

Өндірілген мұнай мен газды есепке алу барысын жақсарту мақсатында, «Ембімұнайгаз» АҚ-да автоматтандырылған топтық өлшем қондырғылары (АГЗУ) модернизациялаудан өтуде.

Айта кетейік, компания бойынша жалпы саны 213 дана АГЗУ жұмыс істеп тұр.

Оның ішінде, 28 дана АГЗУ «Массомер» типті үш фазалық есепке алуды орындайтын массалық шығын өлшегіштермен жабдықталған. Ал, қалған 185 дана АГЗУ «Спутник» типті сұйықтықтың жалпы шығынын көлемдік әдіспен өлшейді. Атап өтетін жайт, жүзден аса АГЗУ-дың пайдалану мерзімі 10 жылдан асқан.

«Спутник» типті АГЗУ-лар СТ РК 2.151-2008 «Жер қойнауынан алынатын мұнай мен мұнайлы газ мөлшерін өлшеу» стандартының талаптарын қанағаттандырмайды. Атап айтсақ:

- қажетті нақтылық қамтамасыз етілмейді (+/-2,5%);
- көлемдік әдіспен өлшейтін шығын өлшегіштер;
- жалпы сұйықтықтың шығыны өлшенеді (су-мұнай қоспасының көлемі);
- тығыздықты өлшеу мүмкіндігінің болмауы;
- сынама алу бойынша суланғандықты анықтау (зертханалық талдау);
- газ көлемін өлшеудің болмауы.

Ал, «Массомер» типті АГЗУ аталған стандарт талаптарына толық сай қызмет атқарады. Нақтыласақ:

- жоғары өлшеу дәлдігі (+/-1%);
- массалық шығын өлшегіштердің (массомер) қолданылуы;
- ұңғыма өнімін үш фазалық өлшеу - мұнай, су, газ;

- тығыздықты өлшеу арқылы суланғандықты анықтау.

ҚР «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодексінің 144 бабына сәйкес (Шикі мұнайды есепке алу ақпараттық жүйесі), жоғарыда аталған стандарт талаптарына, сонымен қатар, «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің өндіруші активтердегі есепке алу жүйесін жақсарту жөніндегі тапсырмасына сәйкес 2020 жылы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ кен орындарында 23 және «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Забурын кен орнында 2 АГЗУ-ға модернизациялау жұмыстары жүргізілді, - дейді өндірісті автоматтандыру қызметі жетекшісінің орынбасары Талғат АБИЛОВ.

Нақтылап өтейік, модернизацияланған АГЗУ – стандарт талаптарын толық қанағаттандыратын, үш фазалық өлшеу мүмкіндігіне ие болады.

Мамандардың айтуынша, бұл жұмыс өз тиімділігін көрсетіп, алдағы уақытта өзге де кен орындарында жүзеге асыру жоспарлануда. Ағымдағы жылы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның Оңтүстік Батыс Қамысты, Оңтүстік Шығыс Қамысты, Жаңаталап, Забурын кен алаңдарында жалпы саны 28 дана автоматтандырылған топтық өлшем қондырғысына жаңғырту жұмыстары жүргізілмек. Сондай-ақ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Ұз кен орнындағы 5 қондырғыда осы бағытта жұмыстарды қолға алу жоспарда бар.

Бізді құттықтайды

Құрметті Есен Қайжанұлы!

Сізді және сіз басқарып отырған ұжымды кәсіби мерекелеріңіз Мұнайшылар күнімен құттықтаймыз. Осындай киын жұмыстарды ел игілігі мен халқымыздың баянды болашағы үшін атқарып келесіздер. Сіздердің еңбектеріңізге табыс пен үлкен жетістіктер тілейміз!

Құрметпен,
Б. Шеркешбаева,
Саламат Мұқашев атындағы
Атырау политехникалық жоғары
колледжінің директоры

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ -ның ұжымы!

Сіздерді мұнай-газ кешені қызметкерлері күні – кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймыз!

Осы айтулы күні барлық қызметкерлеріне еліміздің мұнай-газ кешені саласын дамыту және өркендету ісінде зор табыстар тілейміз!

Біз, «Ембімұнайгаз» АҚ ерекше клиенттеріміздің қатарынан көруге шын жүректен қуаныштымыз. Біз көпжылдық өзара тиімді серіктестігімізді мақтан тұтамыз және «Халық-Life» АҚ алдағы уақытта да екіжақты қарым-қатынастарды дамыту және нығайту үшін барлық күш-жігерін жұмсайтынына сендіргіміз келеді. Осы мереке күні біз шын жүректен сіздердің барлық істеріңіз бен бастамаларыңызға табыс, сіздерге және жақындарыңызға зор денсаулық, бақыт тілейміз!

Әр бастаған жобаларыңыздың жемісін көріңіздер!
Ізгі ниетпен,

«Халық-Life» АҚ Атырау қ.
филиалдың директоры Г. А.Джуматова

Уважаемый коллектив АО «Эмбаунагаз»!

Поздравляем весь славный трудовой коллектив АО «Эмбаунагаз» с Днём работников нефтегазового комплекса!

В этот знаменательный день, желаем всем работникам больших успехов в деле развития и процветания нефтегазовой промышленности нашей страны!

Мы искренне рады видеть АО «Эмбаунагаз» в числе наших особенных клиентов. Мы гордимся нашим многолетним взаимовыгодным партнёрством и хотим уверить вас, что АО «Халық-Life» будет и впредь прилагать все усилия для развития и укрепления двухсторонних отношений. В этот праздничный день мы от всей души желаем успехов во всех ваших делах и начинаниях, крепкого здоровья и благополучия вам и вашим близким.

Пусть всегда и во всем вам сопутствует удача и успех, а компании – стремительного развития и блестящих перспектив!

С наилучшими пожеланиями,

Директор филиала АО «Халық-Life»
в г.Атырау Джуматова Г.А.

Тәуелсіздіктің құрдастары

Тәуелсіз қазақ елінің тарихында 1991 жылдың маңызы зор. Дәл осы жылы егемен ел мәртебесіне қол жеткіздік. Биыл тәуелсіз ел атанғанымызға тура 30 жыл. Осыдан 30 жыл бұрын дүниеге келген егемен елдің егемен жастары өз ойларын ортаға салады. Қайнарлық тәуелсіздік құрдастарының өмірі қалай құрылды, бүгінде олардың өмір жолдары қалай қалыптасқан?

Берекет ЕЛЕУЛИЕВ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ қабат қысымын сақтау операторы:

«Жолымның болуын дүниеге келген кезеңіммен байланыстырамын»

Жалпы, өзімді өмірде жолы болатын, қандай ма істі болмасын, жақсы нәтижемен аяқтауға мүмкіндігі мол жандардың қатарынан санаймын. Қазақ мұндайда «айы оңынан туған» дейді. Оған айтарым да мол.



2019 жыл өмірімде үлкен серпіліске толы болды. Атырау қаласы бойынша дәстүрлі «Жыл үздігі» байқауы ұйымдастырылып еді. 14 номинация бойынша мұнайлы өңірдегі бірнеше іргелі ұжымдар мен кәсіпорындар қатысқан шарада Ембі өңірінің намысын қорғап, жақсы көрсеткішке қол жеткізіп, сол жылы мұнайлы өңірдің «Үздік мұнайшысы» атандым.

Осы жылы отандық компания бойынша дәстүрлі шараға айналған «Үздік маман» кәсіби байқауының бірнеше кезеңіне қатыстым. Бәрінде де жақсы нәтиже көрсеттім. Басқарма ішілік басталған сайыстың бірінші кезеңінен ең үздік деп танылып, «Ембімұнайгаз» АҚ бойынша екінші кезеңге шықтым. Алты басқарманың үздіктері бас қосқан сайыста да топ жарып, финалдық кезеңіне жолдама алдым. Ақтық сайыс Татарстанның Альметьевск қаласында болды. «Қазмұнайгаз» ҰҚАҚ-ның 26 еншілес кәсіпорнының тек үздіктері бас қосқан сындық сағатта мен барша ембіліктердің намысын қорғағанымды өзіме үлкен мақтаныш тұтамын. Нәтижесінде II орынды иелендім.

Мамандығымды жетік меңгеруімнің арқасында Ақтау, Қызылорда, қалаларында болған сайыстарға да қатысып, жақсы көрсеткіштерге қол жеткізіп жүргендігімді өзіме үлкен абырой санаймын.

Адам баласының өмірде «асығы оңынан» тууын өзім өмірге келген кезеңіммен байланыстырамын. Менің өмір есігін ашқан сәтім қазақ елі егемендігін алып жатқан тарихи кезеңмен тұспа-тұс келді. Жәйдан емес шығар деймін. Адамның тағдыры маңдайына жазылып шығады дейді ғой үлкендер.

Махамбет МАКСОТ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ өндірісті автоматтандыру бөлімінің инженері:

«Жауапкершілікті ерекше сезінесің»

Мұнайлы өңірде туып-өскен әрбір екінші адам мәртебелі мұнайшы мамандығын таңдары анық. Себебі, көзімізді ашқаннан көріп, естіп келе жатқанымыз мұнай-газ саласының жетістіктері.

Мен – отбасымнан шыққан алғашқы мұнайшымын. Еңбек жолымды Атырау өңіріндегі «Қазмұнайгаз-Бұрғылау» ЖШС-не бұрғышының көмекшілігінен бастадым. Кейін «Қайнармұнайгаз» басқармасында еңбегімді ауыстырып, алғашында зерттеу жұмыстары жөнінде оператор, мұнай-газ өндіру операторы болып еңбегімді жалғастырдым. Бүгінгі таңда өндірісті автоматтандыру жүйесіне ауысып, өндіріс жаңалықтарымен тығыз байланыста қызмет етіп келемін.



Маған мұнайшылық кәсіп не берді? Ең алдымен, осы ортада жүріп ұжымдық рухты сезіндім. Өзім еңбек ететін «Қайнармұнайгаз» басқармасында негізінен алға ұмтылған, көрсем, білсем, үйренсем дейтін жастар бас қосқан. Басқарма ішілік байланысты нығайту жолында барлығымыз бірігіп, әр түрлі форматтағы шараларды бірлесіп ұйымдастырамыз. Жалпы, өзімнің болмысым көзге көріне бергенді ұнатпаймын, тыныш қана өз міндетімді атқаруға тырысамын. Алайда, ұжымда қолға алынған шарада белсенділік таныту керек жауапкершілігін жақсы сезінемін. Ән айту керек пе ән саламын, билеу қажет болса, қолымнан келгенше үйді меңгеруге ұмтыламын. Жалпы, тәуелсіздік жылдары дүниеге келгендер өзгерісті шапшаң үйренуге, жаңалықты дереу меңгеруге тез бейімделеді.

Ернұр ЖҰМАҒАЛИЕВ, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ тұрғындандыру және сусыздандыру қондырғысының операторы:

Мұнайшы атанғанымда биыл 11 жыл болды. Басқармадағы жас мамандардың бірімін. 11 жыл көп мезгіл болмаса да басқарманың кен алаңдарындағы күрделі құрылыс жұмыстарымен, мұнай дайындау және айдау жұмыстарымен тығыз айналыстым. Білмегенімді үйренудемін. Жалпы, мұнайшылық сала бірнеше жұмыстың бір ортаға тоғысуымен байланысты жүзеге асады ғой. Жұртшылық арасында мұнайшылықты қиын мамандыққа теңеп жатады. Әрине, кәсіптің оңайы бол-



мас, дей тұрғанмен, мамандығыңды сүйіп қаласаң сол қиындық еленбей де қалады.

Мен мұнайлы өңір – Мақат жерінде туып-өстім. Негізгі күнкөріс көзі мұнайшылықпен ұштасқан мекенде осы мамандыққа деген құлшыныс бала кезден бойға дарыды. Мектепті бітірісімен осы саланың қыр-сырына баулитын арнаулы училищеге оқуға түсіп, алдағы жолымды мәртебелі мұнайшылық мамандықпен ұштастырдым. Бүгінде ол таңдауыма еш өкінбеймін. Мұнайшы бола жүріп, өзіме қаншама дос таптым. Бір ұжымда болу, бір ортада сыйластықпен еңбек ету дегеннің не екенін жақсы пайымдайтын деңгейге жеттім. «Ұжым – екінші үйім» деген пікірдің шын мәнісінде мағынасын тереңдей түсінгендей болдым.

Тәуелсіздік алған кезеңмен тұспа-тұс дүние есігін ашқан жандар көпшіл, ашық мінезді болып келеді-ау деген ой түйемін кейде. Себебі, менің құрдастарымның бойынан осы қасиеттерді көбірек байқаймын.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: ұйымдастыру бөлімі
Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

А.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177.

L.Suleimenova@emg.kmgp.kz

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgp.kz

Баспахана:

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Қ.Қалиуллин - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

М.Русаев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директоры;

Ж.Мұханғалиев - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

А.Сүлейменова - ұйымдастыру бөлімінің қоғаммен байланыс жөніндегі менеджері.